





Бекітілді

Байқаушы Кеңестің


«23.06.22» № 10 шешімімен

**«Алматыжылужайэнерго» ЖШС-дағы сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты**

Келісілді:

| Лауазымы | Т.А.Ә. | Қолы | Күні |
|--------------|-----------------|---|-----------------|
| Бас директор | А.Ч. Беркимбаев |  | <u>23.06.22</u> |
| ЗБ бастығы | М.К. Жунусова |  | <u>23.06.22</u> |

Әзірлеген:

| | | | |
|-------------|-------------|---|-----------------|
| СКҚ бастығы | Д.С. Аханов |  | <u>23.06.22</u> |
|-------------|-------------|---|-----------------|

Алматы қ., 2022

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Алматыжылужайэнерго» (Алматыжылужайэнерго) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің міндеттерін, қағидаттары мен бағыттарын айқындайтын негізгі құжат болып табылады, оны қабылдау мақсаты «Алматыжылужайэнерго» (Алматыжылужайэнерго) жұмыскерлерінің Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге және азайтуға бағытталған қызметін ұйымдастыру және үйлестіру болып табылады.

1.2. Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын әзірлеу мен іске асырудың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ Серіктестіктің Жарғысы құрайды.

1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Серіктестіктің және оның жұмыскерлерінің ашық және адал бизнесті жүргізудің, корпоративтік мәдениетті жетілдірудің, корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін ұстанудың және Серіктестіктің іскерлік беделін тиісті деңгейде ұстап тұрудың жоғары этикалық стандарттарына бейімділігін көрсетеді.

1.4. Серіктестік осы құжатты интернет желісіндегі Серіктестіктің корпоративтік сайтында еркін қолжетімділікте орналастырады, сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтынын ашық мәлімдейді, Серіктестіктің барлық контрагенттерінің, Серіктестік жұмыскерлерінің осы құжаттың ережелерін сақтауын құптайды және көтермелейді, ақпараттандыру арқылы Серіктестік жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің деңгейін арттыруға жәрдемдеседі.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құжатта мынадай терминдер мен анықтамалар қабылданған:

Терминнің атауы

Терминнің анықтамасы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат

сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық,

| | |
|------------------------------------|---|
| | әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар |
| Іскерлік этика кодексі | Серіктестік жұмыскерлерінің негізгі этикалық қағидаттары мен қызметтік мінез-құлық нормаларының жиынтығы |
| Контрагент | еңбек қатынастарын қоспағанда, Серіктестік шарттық қатынастарға түсетін кез келген қазақстандық немесе шетелдік заңды немесе жеке тұлға |
| Мүдделер қақтығысы | Серіктестік жұмыскерінің жеке мүддесі (тікелей немесе жанама) оның еңбек және лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауына ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін және жұмыскердің жеке мүддесі мен Серіктестіктің құқықтары мен заңды мүдделері арасында құқықтар мен заңды мүдделерге, мүлікке және (немесе) Серіктестіктің іскерлік беделіне зиян келтіруге қабілетті қайшылық туындайтын немесе туындауы мүмкін жағдай |
| Сыбайлас жемқорлық | жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу |
| Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеті | сыбайлас жемқорлық белгілері бар немесе оны жасауға ықпал ететін Серіктестік жұмыскерінің әрекеті немесе әрекетсіздігі |
| Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық | бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас |

| | | |
|-------------------------|--------------|---|
| | | жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) |
| Сыбайлас қарсы іс-қимыл | жемқорлыққа | Серіктестік басқармасының және Серіктестік жұмыскерлерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі қызметі |
| Сыбайлас алдын алу | жемқорлықтың | сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі |

3. СЕРІКТЕСТІКТІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының мақсаты Серіктестікте сыбайлас жемқорлықты тудыруы және (немесе) тудыруы мүмкін себептер мен жағдайларды жою болып табылады.

3.2. Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының міндеттері Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлық іс-қимылдары салдарының алдын алу, жолын кесу және азайту немесе жою бойынша шараларды әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады, оның ішінде:

- сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандары мен көріністерінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікпен сипатталатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы Серіктестік жұмыскерлерінің бойында қалыптастыру;

- Серіктестік жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлық іс-қимылдарына тарту тәуекелін азайту;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға кінәлілерді жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету;

- Серіктестік, оның жұмыскерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардан келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз ету;

- Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі құқықтық тетікті құру;

4. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ

4.1. Серіктестік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды, яғни Қазақстан Республикасының заңнамасында азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар іс-әрекеттерді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін:

- Серіктестікке қатысты немесе Серіктестіктің атынан немесе оның мүддесінде мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, олардың қызметшілеріне, заңды тұлғаларына, олардың жұмыскерлеріне қатысты;

- тікелей немесе жанама, жеке немесе үшінші тұлғалардың делдалдығы арқылы;

- әкімшілік және өзге де рәсімдерді оңайлатуды, бәсекелі және өзге де артықшылықтарды қамтамасыз етуді қоса алғанда, мақсатына қарамастан;

- кез келген нысанда, оның ішінде ақша қаражатын, құндылықтарды, өзге де мүлікті немесе мүліктік сипаттағы қызметтерді, өзге де мүліктік құқықтарды алу (ұсыну) нысанында жүзеге асырылған іс-әрекеттерді сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерге жатқызады.

4.2. Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 4.1-тармағында көрсетілген мақсаттарда, нысанда немесе тәртіпте жасалатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе ысырап ету (ҚР Қылмыстық кодексінің 189-бабы (бұдан әрі - ҚР ҚК), алаяқтық (ҚР ҚК 190-бабы), жалған кәсіпкерлік (ҚР ҚК 215-бабы), іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша іс-әрекеттер жасау (ҚР ҚК 216-бабы), қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету (ҚР ҚК 217-бабы), қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыру (жылыстату) (ҚР ҚК (ҚР ҚК 218-бабы), рейдерлік (ҚР ҚК 249-бабы), лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану (ҚР ҚК 361-бабы), билікті немесе лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану (ҚР ҚК 362-бабы), кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу (ҚР ҚК 364-бабы), заңды

кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау (ҚР ҚК 365-бабы), пара алу (ҚР ҚК 366-бабы), пара беру (ҚР ҚК 367-бабы), парақорлыққа делдал болу (ҚР ҚК 368-бабы), қызметтік жалғандық жасау (ҚР ҚК 369-бабы), қызметтегі әрекетсіздік (ҚР ҚК 370-бабы), билікті теріс пайдалану (ҚР ҚК 450-бабы), билікті асыра пайдалану (ҚР ҚК 451-бабы) және биліктегі әрекетсіздік (ҚР ҚК 452-бабы), жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 676-бабы (бұдан әрі - ӘҚБтК), мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы (ӘҚБтК 677-бабы), заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (ӘҚБтК 678-бабы), мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы (ӘҚБтК 679-бабы), мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары басшыларының заңсыз мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы (ӘҚБтК 680-бабы), бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау (ӘҚБтК 681-бабы) және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сыбайлас жемқорлық саласындағы басқа да құқық бұзушылықтар болып табылады.

5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

5.1. Серіктестік сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметін келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- жарғылық қызметті жүзеге асыру кезінде, оның ішінде контрагенттермен, билік органдарының, саяси партиялардың өкілдерімен, Серіктестік жұмыскерлерімен және өзге де тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде ымырасыз қарым-қатынас және сыбайлас жемқорлықты кез келген нысанда және көріністе қабылдамау («нөлдік төзімділік» қағидаты);
- Серіктестік басшылығының сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастырудағы және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың ұйымышilik жүйесін құрудағы жеке мысалы;
- Серіктестік жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметіне тарту;
- сыбайлас жемқорлық тәуекеліне сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің мөлшерлестігі;
- бизнестің ашықтығы (контрагенттерді, әріптестерді, Серіктестікте қабылданған бизнесті жүргізудің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары туралы ақпараттандыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері

бойынша мемлекетпен, әріптестермен және контрагенттермен ынтымақтастықта болу);

- адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын тану, қамтамасыз ету және қорғау;

- заңдылық;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тартудың бұлтартпастығы;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шараларды басымдықпен қолдану.

6. СЕРІКТЕСТІКТІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫН ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

6.1. Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты:

- Серіктестікпен еңбек қатынастарындағы Серіктестіктің барлық жұмыскерлеріне;

- контрагенттерге, сондай-ақ тиісті міндеттер олармен жасалған шарттарда, олардың ішкі құжаттарында бекітілген жағдайларда өзге де адамдарға қолданылады.

6.2. Серіктестіктің барлық жұмыскерлері Серіктестіктің осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын басшылыққа алуға және оның ережелерін мүлтіксіз сақтауға міндетті.

6.3. Серіктестіктің барлық жұмыскерлеріне тікелей немесе жанама, жеке немесе үшінші тұлғалардың делдалдығы арқылы, өзіне немесе үшінші тұлғаларға кез келген материалдық немесе жеке пайда алу не басқа жеке және заңды тұлғалардың аталған тұлғаға мұндай пайданы заңсыз беруі мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындауына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерге қатысуға тыйым салынады.

7. ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІКТІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛҒА БАЙЛАНЫСТЫ МІНДЕТТЕРІ

7.1. Серіктестік жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттері:

7.1.1.

- Серіктестіктің мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудан және (немесе) оған қатысудан;
- Серіктестіктің мүддесі үшін немесе оның атынан айналасындағыларға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға дайын деп түсіндірілуі мүмкін мінез-құлықтан тартынуға міндетті;

7.1.2. Серіктестіктің бас директорына:

- жұмыскерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы;
- жұмыскерге мекеменің басқа жұмыскерлерінің, контрагенттерінің немесе өзге де тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау жағдайлары туралы белгілі болған ақпарат туралы дереу хабарлауға міндетті;

7.1.3. Серіктестіктің бас директорына жұмыскердің мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі немесе туындауы туралы хабарлау қажет.

7.2. Еңбек шартын жасасу кезінде Серіктестіктің әрбір жұмыскерімен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың № 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидаттары мен талаптарын және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтау туралы міндеттемеге (келісімге) қол қойылады.

8. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

8.1. Сыртқы құпиялылықты персонал арасында сыртқы ортаға және ішкі ортаға ақпаратты жарияламау шарты ретінде ажыратады.

8.2. Ақпарат үш санатқа бөлінуі мүмкін:

- 1) құпия емес (немесе ашық), ол Серіктестік ішінде де, одан тыс жерлерде де пайдалануға арналған;
- 2) Серіктестік ішінде ғана пайдалануға арналған қызмет бабында пайдалану үшін.
- 3) Серіктестіктің арнайы уәкілді жұмыскерлерінің ғана пайдалануына арналған және толық көлемде немесе бір бөлігінде өзге жұмыскерлерге беруге арналмаған құпия ақпарат (немесе қолжетімділігі шектеулі ақпарат).

8.3. Серіктестіктің жұмыскерлері сыртқы және ішкі кұпиялылықты қатаң сақтауға және ақпарат санатын нақты жіктеуге тиіс.

9. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДА СЕРІКТЕСТІКТІҢ КОНТРАГЕНТТЕРІМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

9.1. Серіктестік сыбайлас жемқорлықты қабылдамауды мағлұмдайтын және Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қолдайтын контрагенттермен іскерлік қатынастар орнатуға ұмтылады.

9.2. Серіктестік сыбайлас жемқорлыққа тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, ол үшін контрагенттердің парақорлыққа төзімділігін бағалайды, оның ішінде оларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзіндік рәсімдердің немесе саясаттардың бар-жоғын, олардың Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының ережелерін сақтауға дайындығын тексереді, сондай-ақ бизнесті этикалық тұрғыдан жүргізу және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін өзара ықпалдасады.

9.3. Серіктестік контрагенттермен ашық қаржылық қызметті жүргізуді декларациялайды және әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік қағидаттарын және сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығын қолдайды.

10. СЕРІКТЕСТІКТІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

10.1. Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметінің негізгі бағыттары:

10.1.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Серіктестіктің бірыңғай саясатын жүргізу және Серіктестікте сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына теріс қатынасты қалыптастыру.

10.1.4. Серіктестіктегі мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу.

10.1.5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Серіктестік жұмыскерлерін оқыту, ақпараттандыру және кеңес беру (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелерін регламенттейтін нормативтік құжаттармен таныстыру, оқыту іс-шараларын өткізу, Серіктестік жұмыскерлеріне жеке консультация беруді ұйымдастыру).

10.1.6. Контракттармен өзара іс-қимыл кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларды іске асыру.

10.1.13. Серіктестіктің мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзара іс-қимыл болып табылады.

11. СЕРІКТЕСТІКТІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ КҮҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

11.1. Серіктестіктің жұмыскерлері атқаратын лауазымына қарамастан, осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

12. СЕРІКТЕСТІКТІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫН ҚАЙТА ҚАРАУ ЖӘНЕ ОҒАН ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

12.1. Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген кезде не Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының жеткіліксіз тиімді ережелері анықталған кезде, сондай-ақ өзге де жағдайларда ол қайта қаралуы мүмкін және оған бас директордың бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

16.16. Қорытындымен және іс-қимыл бағалау сәтінде жұмысшылардың

16.17. Қорытындымен және іс-қимыл бағалау сәтінде жұмысшылардың

16.18. Қорытындымен және іс-қимыл бағалау сәтінде жұмысшылардың

16.19. Қорытындымен және іс-қимыл бағалау сәтінде жұмысшылардың

16.20. Қорытындымен және іс-қимыл бағалау сәтінде жұмысшылардың

16.21. Қорытындымен және іс-қимыл бағалау сәтінде жұмысшылардың

Тігілген,
 Нөмірленген және
 мөрмен бекітілген
 10/04 бет
 13.07.2022 жыл
 Қарибжанова Д.В.

